

* * *

The poesy genre of Ashug Shamshir's who was one of the famous ashugs of the XX century in Azerbaijan is very rich. Many valuable works in different forms of the different genres

were created by him, such as goshma (versifications), mukhammas (poetical commentaries) and soor. All these are given in the examples and discussed in this article.

Н. С. Исмагулова

«ӨМІР МЕКТЕБІНДЕГІ» СУРЕТКЕРЛІК ШЕБЕРЛІКТЕРІ

«Өмір мектебі» трилогиясында революциялар мен соғыс оқиғаларының бел ортасында болған даңқты ерлер: С.Сейфуллиннің, А.Асылбековтің, У.Жәнібековтің және тағы басқалардың мәңгі ұмытылмас жарқын бейнелері бар. Сондай-ақ онда Л.Мирзоян, Т.Рысқұлов, С.Меңдешев, О.Исаев, О.Жандосов сынды белгілі қоғам қайраткерлері жөнінде бірсыпыра мәлімет берілген. Қазақ кеңес әдебиетінің іргесін қаласып, оның дамуына зор үлес қосқан Б.Майлин, І.Жансүгіров, Ғ.Мүсірепов, И.Байзақов туралы да соны деректер келтірілген. Жазушы өзімен қызметтес немесе жақын қарым-қатынаста болған әлгі адамдардың мінез-құлқын, жұмыс істеу тәсілін кеңінен сипаттайды. Айталық, «Сәкеннің сүйеуі», «Сәкеннің салттарынан», «Қазақ әдебиетінің тойы» атты бөлімшелер өзінің шынайылығымен, сыршылдығымен көз тартады.

Шығарма кейіпкерлеріне қатысты қаламгер әрбір кейіпкердің сүрлеу-соқпағын, ұстанған принципін мүмкіндігінше сол болған қалпынан өзгертпеуге ден қойған, тізеге салу сияқты жалаң тенденцияға бой алдырмаған. Автор өзін және қызметтес дос-жолдастарын бірыңғай көтермелеп мадақтаудан аулақ. Жұмыс бабында, оқу-білім майданында, күнделікті өмірде жіберілген кейбір қате-кемшіліктерді, пендешілікті жасырмай оқырмандардың талқысына салады. Сондай-ақ жұғымсыз іс-әрекеттермен оқшауланып, ел мүддесіне көлденең келгендерге де мейлінше әділ үкім ұсынуға тырысқан. Ғалым Ә.Жұмабайдың естелігі де осы пікірдің растығын дәлелдей түседі. «...60-жылдардың бас кезінде, Ғабиден Мұстафин Жазушылар одағы басқармасының төрағасы болып тұрғанда 13 адамнан құралған Төралқа мүшелері туындыларының қолжазбаларын әуелі өздері оқып, талқылап, баспаға ұсынатын тәртіп орнатылды. Сәбеңнің «Өмір мектебінің» үшінші кітабы сол кезге тура келеді. «Есею жылдарын» қарау үшін

құрамында М.Қаратаев, З.Шашкин, Б.Сахариев, мен, Ә.Нұрпейісов, Т.Ахтанов, З.Қабдолов бар екі комиссия құрылып, келешек кітап жөніндегі ұжымдық пікірлерін жазбаша, рецензия ретінде беретін болды. 1960 жыл шілдесінің орта кезінде қолжазбаның талқылауы өтті. Кең кабинетте ине шаншар орын қалмаған. М.Қаратаев бастаған комиссияның пікірін Б.Сахариев оқып берді. Қолжазбаның жетістіктерін әдемілеп айта келіп, олар үш жүзге тарта сын-ескертпе жасаған екен. Жұрт гуілдеп кетті. Екінші комиссия рецензиясын Ә.Нұрпейісов оқыды. Тап соның алдында ғана Сәбеңнің Сәкен жөніндегі естеліктері «Қазақ әдебиетінде» жарияланған еді. Таяуда ғана ақталып, кітаптары да шыға бастаған үлкен ақын-азаматтың туындылары да, тағдыр-талайы да оқырман қауымды қатты қызықтыратын. Сол себепті де олар қолжазбаны жақсы бағалай келіп, Сәбеңнің өзі тым жас күнінде, Орынборда Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы болып істейтін Сәкеннің үйінде жатып оқыған кезінде інісінің ақшаны үнемдеп, жарықты ерте сөндіріп тастайтыны тәрізді тұрмыстық уақ-түйекті теріп кететінін, сырбаз ақынның әйелқұмарлығын көбірек суреттейтінін тілге тиек ете отырып:

Бала Сәбитті Орынборға алдырып, оқытып, парламент мүшесі еткен аяулы ақын бейнесін тұрпайылау көрсетуі оқырмандар наразылығын тудыруы мүмкін екенін атап өтті. Қолжазбаны талқылау қызу айтыс-тартыс туғызды. Үлкен жазушылар түгелге жуық сөйледі. Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин қолжазбаның кемшіліктері жағына көбірек тоқталды.

– Біз, Ғабит екеуміз болмасақ, мына қалған жұрттың саған тісі бата бермейді. Сен бірақ біздің сынымызды көңіліңе алма. Кітап тазарып, жақсы шықса – бәріміздің, ең алдымен, әдебиетіміздің абыройы, – деді Ғабиден аға.

Сәбең қорытынды сөзінде қолжазба қанша сыналғанымен, «өз идеологиясының мінсіз таза

екенін» алға тартты» [1]. Бұл – сөз жоқ, шығарманың шыншылдық сипатын биіктетіп тұрған елеулі жайттың бірі.

Әдебиеттану ғылымында С.Мұқановтың стиліне қатысты талай пікір айтылғаны мәлім. Зерттеуші ғалымдар жазушының өзіндік сөз қолданыс ерекшеліктерін нақты мысалдармен дәлелдей отырып, оның шығармаларында кейде құлаққа тосындау естілетін тіркестердің, үйірлі мүшені үсті-үстіне қабаттастыра берудің салдарынан әсерді солғындататын шұбалаңқы сөйлемдердің кезігіп қалатынын орынды көрсеткен. Мұндай сипатты азын-аулақ кемшіліктен «Өмір мектебі» де құралақан емес.

С.Мұқанов трилогияда ескі қазақ аулындағы діни наным-сенімдер, араб жазуының ерекшеліктері, ескіше жыл атаулары, төрелердің шежіресі, «ақ табан шұбырынды» оқиғасы, кейбір қалалардың салыну тарихы т.б. жөнінде кейде өз атынан, кейде басқа біреулерді сөйлету арқылы ұзынды-қысқалы сан-алуан мәлімет береді. Сын-зерттеу еңбектерінде осының көпшілігі оқырмандар назарын негізгі оқиға желісінен аулақ әкететін артық дүние делініп жүр. Бір есептен солай екені рас та. Дегенмен ол әңгіме-баяндаулардың өткен кездің сыр-сипаты, әдет-ғұрпы, ұғым-түсініктерінен келер ұрпаққа азды-көпті мағлұмат беру қызметін атқарып тұрғаны даусыз. Оларды екі дәуірдің куәсі болған, көп жасаған, көп тоқыған С.Мұқановтар айтып бермегенде кімдер айтып бермек? Сондай-ақ, шегіністер жасауға, кейде алға озып кетуге мемуарлық жанрдың қолайлы екенін де есте ұстағанымыз лазым. Бірақ бұл кейбір эпизодтық кейіпкерлердің өскен ортасы, үрім-бұтағы, тіршілік-тауқыметі әңгімеленетін құлаш-құлаш ақпарларды түгел құптау деген сөз емес. Атап айтсақ, Аңдамас қажының, сайқымазақ, ку Досмағанбеттің әр түрлі сәлекет қылықтары ұзақтау қызықталған тәрізді.

Шығарма – халқымыздың жарты ғасырға жуық өмірінің: еркіндік, теңдік жолындағы күресінің, еңбек, білім алу жолындағы тынымсыз аттаныстары мен ізденістерінің біртұтас суреті. Трилогияда күрделі кезеңнің сан-сала шытырман оқиғалары өзара шебер қиыстырылып, тартымды сипатталған. Ол – тек жеке қайраткердің өмірбаяны емес, жалпы қазақ елінің тұрмыс-тіршілігін, ой-арманын, бірте-бірте есейіп ілгерілеу эволюциясын тарихи шындыққа сай бейнелейтін көлемді шежіре.

Бұл шежіреде автордың балалық шағынан, жарасты жастығынан, толысқан азаматтық кезеңінен мағлұмат беріліп, қазақ халқының

жарты ғасырға жуық өмір тарихы, тұрмыс-салты, моралі мен этикасы кең қамтылумен қатар, шығарманың өне бойынан тарлан таланттың өзіне тән құнарлы стилі, тайға таңба басқандай қолтаңбасы, суреткерлік хас шеберлігі мен мұңдалап тұрады.

Онысы табиғат пейзажы мен кейіпкерлер портретін мүсіндеу ерекшеліктерінен де байқалады. Мысалы:

«Оның үнемі түюлі жүретін қалың қабағы зілдің бұлтындай бір ашылмайды. Ашуланса, ол қалың қабағын түсіріп жіберіп, үлкен көзін кішірейте түйілдіріп қадала қараса, көздерінің ұшқыны өңменімнен өтіп кете жаздайтын. Сол кезде оның шешек дағы бар қарасұр ашаң еті қыртыстана қап, жақ еттері түйіле қап, сидіған арық мойнының тамырлары білеуленіп кетеді» [2,52].

Бұл Мұқанның інісі – Мұстафаның портреті. Туысқан адамның портреті типтік әрі психологиялық талдау арқылы жасалған. Типтендіру осы суреттемеде Мұстафаның бет-әлпетіндегі: «қалың қабақ», «үлкен көз», «арық мойын» сияқты тандап-талғап алынған портреттік детальдардан көрініс береді.

Екіншіден Мұстафа ұзақ уақыт төсекте жатып, аурудың азабын тартқан дімкәс адам. Оның кедейшілік өмірі, жуық арада айықпай қойған сырқаты – мінез-құлқына, кескін-кейпіне де өз ізін салған. Сондықтан Мұстафаның мінезі қытымыр да қатал. «Зілдің бұлтындай бір ашылмайтын» қабағы, ашуланса «үлкен көзін кішірейте» қарауы, «арық мойнының тамыры білеуленуі» яғни, бет ажарындағы психологиялық өзгерістер соны аңғартады. Бұл арада Мұстафаның типтік портреті: кескін-келбетінің айрықша сипат-белгілерімен, бет қимылы, мінез-құлық бірлігімен жасалған.

С.Мұқанов өз шығармасында әйелдер портретін өте көркем мүсіндеуге тырысады. Мәселен, ол туған апасы – Ұлтуған туралы айтқанда: «ол қазір жасы он беске шыққан, талдырмаш, ұзын бойлы, ашаң қызыл шырайлы жүзді, мөлдіреген кішірек қара көзді, әдемі қыр мұрынды, бұрымы ұзын, қара шашты, жаңа өспірім көркем қыз» – дейді.

Бой жетіп қалған балғын қыздың бұл дерексіз портретінде автордың ол жайлы әсері берілген. Жазушы кейіпкердің жасын, түрін, бой тұлғасын көркемдеп беру үшін: «қара көзді», «әдемі қыр мұрынды», «қара шашты» деп бір текті, күрделі эпитеттерді пайдаланған. Троппен берілген әдемі портреттік детальдар бір қарағанда бүтіннің бөлшегі тәрізді әсер қалдырғанымен, қыздың тұла бойында нәзіктік,

жарасымдылық, тартымдылық бар екенін аңғартады.

«...жапалақтай жауған қардың жұлдыздары, оның алдына құрған сиқырлы шымылдықтай желпінеді... Соған сүңгіп келе жатқан қыздың салқын ауаға қызарған беті – қызыл роза гүліндей құлпырады... Кірпіктердің арасынан караған үлкен көгілдір көздер, кіршіксіз көк кәукер тасындай мөлдірейді... Кішкене ауыздың жұқа еріндері қызыл шоқтай жайнайды...» [2,442-443].

Романда орыстың сұлу қызы – Катеринаның портреті осылайша сипатталған. Арудың сыртқы тұрпат-бейнесі жапалақтап жауған қардың, дәлірек айтқанда, қыс пейзажының фонында суреттелген. Өйткені, автор осының алдында ғана күннің суытып, жердің тобарсып қатып қалғанын айта келіп: «... Бүгін таңертең жапалақтаған қар мен көлден су алып қайтқанда қалыңдай жауып, миллиондаған кіршіксіз ақ жұлдыздарын қоюлата аспаннан сеуіп тұрған» – деп қыс табиғатының құбылысынан хабар берген болатын.

«Өмір мектебі» трилогиясындағы басты тұлға Сәбиттің өзі болғанымен, автор өз автопортретін беруге өте сараң. Егер бере қалса, басқа кейіпкердің аузымен сипаттайды. «Өзі жалпақ беттеу, құба өңділеу, май мұрындау, кішірек көзділеу боп, шешесіне тартыңқыраған екен, – десті әркімдер» [2,16].

Кейде автор портретінің белгілері: «Пұшырайған мұрның құрысын...», «Тапырайған кішкене мұрныңды» – деген эпизодтық кейіпкерлердің репликасынан да байқалып қалады.

С.Мұқанов бұл туындысында үзенгі қағыстырып қатар жүрген ағалық, жолдастық ақыл кеңесін тындап, ұстаз тұтқан: В.И.Гозак, Ә.Досов, А.Асылбеков және т.б. төңкерісшіл революционерлердің портреттер галереясын жасаған.

Үш кітаптан тұратын трилогиясында автор қазақтың Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Балуан-Шолақ тәрізді өнерпаз ұлдарына, кеңес дәуірінде өмір сүрген С.Сейфуллин, Ғ.Мүсірепов, И.Байзақов және т.б. ақын-жазушыларға да тамаша-тамаша көркем беттер арнаған.

С.Мұқанов халықтың ардақты ұлы – Ақан серінің өмірінің соңғы кезінде кездестіреді. Бұл шақта Ақан кәрілікке бой ұсынып, ауру-сырқау меңдеп, әр елдің бай жуандарынан шет қакпай көріп, қаралы, қайғылы қалыпта күн кешеді.

Рухани жан күйзелістері жүрегін жаралаған тағдырдың, әлеуметтік топтардың ауыр соқ-

қылары оның шығармашылығына, көңіл-күйіне қатты әсер етеді. Осы жағдайда жазушы:

«... одан кейін: «Құлагер жаз жайлады, күз...» – дей берді де, жыламсыраған дауыспен Құлагердің өлген жерін айтқанда, «жұлдым да сақал, шашты ойбайлады!» – деп өкси жылай берді... Ақанның кескіні со кезде құйын үрлеген судың бетіндей ойран-ботқа боп, екі көзінен жас шұбыра жөнелді. Ол домбырасын қасына сүйей салды да, талықсығандай қисайып жата кетті» [2,218] – деп баяндайды.

Ақан серінің орны толмас өкініші, жанын жегі құрттай кемірген қайғы-қасіреті, мұңналасы – тұлпардың, дүлдүл Құлагердің өлімі. Сол себепті автор Ақан портретін жасағанда, оның жан-дүниесін астаң-кестең қылған ішкі көңіл-күй құбылыстарын: кескіні со кезде құйын үрлеген судың бетіндей ойран-ботқа боп, – деп бет ажарындағы өзгерістерімен қабаттастыра суреттеген. Денесінің қимыл-қозғалысына байланысты айтылған: ... талықсығандай қисайып жата кетті» деген фраза да Ақанның әлденеге өкінген, опынған жабырқаңқы халінен хабар бергендей. Сөйтіп, Ақан портретінде құбылмалы, өзгермелі беттің бояу-реңі мен ішкі жан қозғалысы өзара астасып, кірігіп кеткен.

Жазушы Сәкенді алғаш рет алыстан көзі шалғанда: «Басы көтеріңкі. Кеудесі шалқақ. Кескінінен көзіме алғаш шалынғаны, аса қою қияғы ұзын қарасұр мұрт» десе, жақын жерден бетпе-бет көргенде: «кейін қайырған шашы толқынды қара екен, шекесі толық, маңдайы кең, кеше мөлшерден артық қонқақ сияқтанған мұрны бүгін қырланған, мөлшерлі, әдемі қалыпта, кешегі қалың, ұзын мұрты бүгін қоюлана, ұзара түскен сияқты» [3,488] деп сипаттайды.

Екі суреттеме шығарманың әр бетіне шашыратылып берілгенімен, бірін-бірі қайталамай Сәкеннің портретін толықтыра түскен. «Басы көтеріңкі. Кудесі шалқақ» деген детальдар ақынның тұлға-сымбатын мүсіндесе, кейінгі суреттемеде автор оның бет-бейнесіндегі шаш, шеке, маңдай, мұрын сияқты белгі сипаттарына жеке-жеке тоқталады.

Айта кететін тағы бір жай – жазушы мұнда Сәкеннің сыртқы кейіп-кескініндегі нақты бір ерекшелігіне акцент жасаған. Ол: персонаждың «мұртына» байланысты штрих-деталь. Бұл деталь екі рет қайталанып, ақынның сұлу жан дүниесімен үндесіп, оның портретінің тұрақты, мәнді бір белгісін айқындай түскен. Белгілі әдебиет теоретигі А.И.Белецкий көркем прозадағы портреттерді: дерексіз, живопистік, паспорттық деп түр-түрге бөледі.

Академик атап көрсеткен портреттің осы паспорттық белгілерін шығармадағы эпизодтық және екінші, үшінші қатардағы кішігірім кейіпкерлерді сипаттаудан да көреміз.

Мәселен сол кездегі жас ақын А.Тоқмағанбетов портретін жазушы: «... Толықшалау орта бойлы, жирендеу өнді, жирен бұйра шашты» – деп суреттесе, ақын Ә.Тәжібаевты: «Бір күні қызмет бөлменің есігін біреу қаққанға, кіріңіз десем, оң жамбасынан сылти басқан, серейген арық бойлы, қоңқақ мұрынды, сығырлау көзді, қара шашы жалбыраған бала жігіт кіріп келді» [4,23] – деп қысқаша қайырады.

С.Мұқанов аталмыш шығармасында табиғат көріністерін қаһарманның түйсік-сезімі немесе ойша елестетуі арқылы бермейді. Ол пейзаждық суреттемелерді табиғи қалпында, шыншыл реалистік тұрғыдан суреттеу үшін өз кейіпкерінің «арқа тұсына» шығып алады да, оның құбылыстарын үнсіз бақылайды. Өйткені табиғат-феномен ол қоғамдық құбылысқа, көңіл-күй өзгерістеріне тәуелді емес.

Автор табиғат детальдарын суреттегенде жарыққа, түске және оның бояуларына айырықша мән береді. Табиғат пен оның бояулар палитрасы параллель түрде алынып, өзара жіксіз жымдасып жатады.

«Кейде «Көкшетау», кейде «Бурабай» аталатын тау, Нығметжан ауылынан бұп-бұлдыр көкпеңбек боп көрініп тұрады... Бірақ Бурабайдың көгілдірлігі өзге таулардан әлдеқайда көкшіл сияқты, бұл алыстан, жерден аспанға өсіп шыққан көгілдір гәуһар тасқа ұқсайды» [3,417].

Оның есесіне қоңыр түс өмірде, табиғат құбылыстарында аз кездесетіні сияқты трилогияда өте сирек қолданылады:

«Шөппен жарыса көктеп, аяқ кезінде пісетін жуаның түбі – кішігірім, сарымсақтай... Піскен кезде сабағының басы қоңырланады да, бұлтиған бүршік атады» [2,38].

«Қаланың, заводтың қыстай бұрқыраған түтінінен қардың түсі қоңырланып кетеді» [4,343].

Романдағы табиғат көріністерінде түс жарықпен қатарласа алынып, үнемі жарыстырыла беріледі. Сондықтан пейзаждық бояулар палитрасы жарықтың түсуіне, жылдың төрт мезгіліне, тәуліктің әр уақытысына байланысты үнемі өзгеріп отырады.

Міне, осы тәріздес жоғарыда келтірілген портреттік және пейзаждық суреттемелерден бүкіл халықтың ыстық ықылас, махаббатына бөленген Сәбит Мұқановтай көркем сөз

шеберінің жазу ерекшелігінің өзіндік қырын танымыз [5].

Жалпы, «Өмір мектебі» трилогиясы – жазушы үшін шын мәнінде көп қиналысқа түскен шығарма болды деп жазған ғалым Қ.Ергөбек, қиналудың өзіндік бірнеше себептерін атап көрсетеді. Ол, біріншіден, әсіресе «Есею жылдарында» 1937 жылы «жеке адамға табынудың құрбаны» болған талай-талай қайраткерлер есімі аталып, іс-әрекет баяндалуына байланысты дейді. Олардың көбімен Сәбит Мұқанов ертеден таныс, үзеңгілес жүрген, бір қызмет атқарған. Сондықтан да өмірдегі кісілік келбетін жақсы біледі. Өз білгені бойынша баяндайын десе, 1937 жылы оларға жала жабылғанда келбет, азаматтық болмыс бір бөлек те, үкіметтік үкім бір бөлек. Бірі жүрек сөзі, бірі дерек көзі. Қайсысын таңдамақ керек? Былай тартса өгіз өледі, былай тартса арба сынады. Жазушы сол себепті архив деректеріне көбірек сүйенеді, әлгі аталған қайраткерлер істері жөнінде құжаттардың көшірмесін үстел үстіне ала отырып жұмыс істеді. «Есею жылдары» осылай жазылған еді. Шығарма үзінділері газет-журналдарда жариялана бастады. Жазған шығармасын сыйлас кісілеріне оқытып бір сынату, ағымдағы баспасөзде жариялатып, пікір тыңдап бір ширату Сәбит Мұқановтың қашанғы дағдысы. «Есею жылдары» да осы жазушылық тәжірибені бастан кешіп отыр. Енді бұған алпысыншы жылдардағы әлеумет өміріндегі ахуалды қосыңыз. Н.С.Хрущев бір қарағанда бар ақиқатты ашып тастап, тарихи бұрмалауды қалпына келтіруге үндегендей еді. Туған-туыс, бауыры, жора-жолдасынан 1937 жыл зобалаңында көз жазып қалған ашынды жұрт жазушыдан да, тарихшыдан да тек ақиқатты талап етті, жазықсыз жапа шеккендер есімін ақтау жолына кірісе бастады. Осы психологияға жазушының «Есею жылдары» романының жарық көруі сәйкес келе кетті. С.Мұқанов өз шығармасында кімді, қандай қайраткерді бейнелесе де партиялық тұрғыдан, коммунист жазушының көзімен қарап бейнеледі. Коммунистік партия қателеседі деп сірә да ойламайды. Осы сәтте келіп, жазушы мен оқушы арасына сызат түседі. Жазушы талғамы мен оқырман талабы қайшыласады. Жазушының «Есею жылдарына» қайта-қайта оралып, өңдеу, жөндеу жүргізуінің бір сыры осында. Екіншіден, алпысыншы жылдары қазақ әдебиеті әлемдік деңгейге көтерілді. «Абай жолы» эпопеясының даңқы дүние жүзіне жетті. Жаңа буын қаламгерлер өсіп шықты. Олар көркемдік

жаңа шепті алды, әлем әдебиеті тәжірибесін ұлт әдебиетіне әкеліп еге бастады. Баяндау орнын бейнелеу басты, образ жасау характер арқылы жүзеге асты. Ескінің орнын жаңа басты. Ақсақалдар кенжелеп, жастар ілгеріледі. «Жылымық» кезіндегі жастар әдебиетке мінезбен келді. Жаңа толқын, жас буын қаламгерлер де «Есею жылдары» мемуарына өз талаптарын айтты. Өтпелі кезеңде өмірге келген «Есею жылдары» мемуарлық шығармасының қайта-қайта жөндеу, өңдеу бастан кешуінің тағы бір себебі осындай болатын. Үшіншіден, жазушы тілегінің өзі – шығарманы жөндеу, өңдеу, ұстарту. Демек, әдебиеттің жаңа да, жас буыны тілегі, оқырман қауым талабы жазушы мақсатымен үндесіп, үйлесіп жатса, қаламгер құп алып жөндеу жолында. «Өмір мектебі» мемуарлық шығармасының өңделу, жетілу тәжірибесі осындай» [6,187-188] деп, ғалым шығарманың зертханалық тарихын саралап береді.

Жалпы, С.Мұқанов заман талабын тез аңғарғыш, дәуір өзгерістеріне қырағылықпен үн қосып отыратын, белсенді қаламгер болған. Өмірінің соңғы кезінде бұрынырақ жазған бірқатар шығармаларына қайта оралып, оларды жөндеуден өткізген жазушы әрекетінен өз шығармаларына деген жауапкершіліктің артуы мен көркемдік талап-талғамның күшеюі аңғарылады. Оның елеулі шығармаларының көбі-

ақ дәуір мен жазушы елегінен қабат өтіп, үлкен бағаға ие болған. «Жұмбақ жалау» – «Ботакөз» болып, «Адасқандар» – «Мөлдір махаббат» болып, «Менің мектептерім» – «Өмір мектебі» болып жөнделді, жаңаланды, толықты. «Балуан Шолақ» та, «Сырдария» да бір-бір қараудан өтті. Осының бәрі жазушы еңбегінің салмағын арттырып, оның кітаптарының идеялық-көркемдік қуатын өсіре түсті. Соның ішінде Сәбит Мұқановтың жеткен ең үлкен биігі ретінде бағаланған «Өмір мектебі» трилогиясы еді. Кенеулі жазушының кемелденгендігін танытқан аса айтулы, талантты, тұлғалы бұл туындыда бүтін бір халықтың бүкіл бір дәуірдегі көркем шежіресі бар. Сондықтан да кең тынысты, көп салалы, тарихи, әлеуметтік шығарманың бүгінде бағасы арта түспесе, ешқашан кемімек емес.

1. Ә.Жұмабай Кәдімгі Сәбит Мұқанов // Түркістан, 1999 жылғы 8-14 қазан.

2. С.Мұқанов Таңдамалы шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы. – 1970. – 9 том.

3. С.Мұқанов Таңдамалы шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы. – 1970. – 10 том.

4. С.Мұқанов Таңдамалы шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы. – 1970. – 11 том.

5. Т.Рахымжанов Мұқанов мүсіндемесі. («Өмір мектебі» трилогиясы бойынша) // Қазақ әдебиеті, 20.4.1990.

6. Қ.Ергөбек Жазушы шеберханасы. – Алматы: Жазушы. – 1970. – Алматы: Қазақпарат. – 2002.

Г. Е. Керімова

АЛҒАШҚЫ ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІНДЕГІ АРАБ СӨЗДЕРІНІҢ ФОНЕТИКАЛЫҚ ЖАҒЫНАН ИГЕРІЛУІ

Қазақ баспасөзінің алғашқы қарлығаштары болып есептелетін «Дала уалаятының газеті» және «Түркістан уалаятының газеттерінде» кездесетін сөздердің көпшілігі араб тілінен енген кірме сөздер болып табылады. Араб тілінің дыбыстық жүйесінің басты ерекшелігі - дауыссыз фонемалардың көптігінде. Сондай-ақ, көмей арқылы дыбыстالاتын, эмфатикалық, тісаралық фонемалардың болуы да араб тіліне тән құбылыс.

Қазақ және араб тілдерінің дыбыстық құрылымы әртүрлі болғандықтан, бір тілдегі дыбыс эквиваленті екінші тілде кездесе бермейді. Сондықтан, қазақ тіліне енген араб сөздері тіліміздің фонетикалық жүйесіне бейім-

деліп, алғашқы бейнесі өзгерістерге ұшырап, тілімізге сіңісіп кеткен. «Әр тілдің өзіне тән заңдары бар. Демек, белгілі бір тілдегі дыбыстың фонемалық қасиеті екінші бір тілде өзгеше түрде кездесуі мүмкін» [1;220].

«Дала уалаятының газеті» және «Түркістан уалаятының газеттерінде» кездесетін араб сөздеріне шолу жасағанда, қазақ тілінің дыбысталу жүйесіне сәйкес келмесе де, аталған газеттерде кейбір сөздерді араб тілінің орфографиясына лайықтап жазуға бағыт ұстанғандық байқалады.

↳ *ба дыбысының п-ға ауысуы*

Қазақ тілінде ұяң б дауыссыз дыбысымен аяқталатын сөздер кездеспейтіндіктен, араб